

Р.М. Ускенбаева<sup>1\*</sup>, Э.Т. Жанысбекова<sup>2</sup><sup>1</sup>Сәтбаев университеті, Алматы, Қазақстан;<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан  
(E-mail: rauza82@mail.ru, elmira\_08.82@mail.ru)

## Қазақ мифологиясындағы жылқы бейнесі

Қазақ халқының ұлттық танымында жылқы малының алар орны ерекше. Оның көрінісі көне археологиялық ескерткіштерде де, көне жазбаларда да айқын байқалады. Мақалада көне мифологиялық шығармалардағы жылқы атауына қатысты тілдік бірліктер талданған. Жылқы малының қазақ таным-түсінігінде ерекше орын алатындығы, фольклорлық шығармалардағы атаулардың әр алуандығы, сонымен қатар, әр атаудың астарында ұлттық мәдениеттің көрінісі жатқандығы айтылады. Жылқы атауларының фольклорлық шығармалардан бастап қазіргі көркем әдебиеттегі көрінісі де сөз болған. Жылқы атауына қатысты мифологемалардың танымдық қыры тілдік тұрғыдан талданған, зерттелген. Яғни, қазақ танымында қазанаттан бастап Шалқұйрыққа дейін танымдық өрісін кеңейткен жылқы малына қатысты атаулардың қалыптасуына мифтік ойлаудың, мифтік танымның әсері туралы айтылған. Мифтің әмбебаптық, жасампаздық қыры көрсетілген.

*Кілт сөздер:* жылқы, мифологема, миф, ұлттық таным, ұлттық құндылық, рухани мәдениет, ғалам бейнесі, мифологиялық шығарма.

### *Kipicne*

Қазіргі тіл білімінде кеңінен қарастырылып жүрген мәселе — «тіл мен мәдениеттің» өзара қарым-қатынасы бірнеше күрделі сұрақтармен байланысты. Әрине бұл, ең алдымен, зерттеулердің терминологиялық аппараты мәселесімен тығыз байланысты, яғни зерттеулердің техникалық жақтарының айқындалуын меңзейді. Екінші жағынан мазмұндық тұстардың да анықталуын қажет етеді, себебі қолданылатын терминология маңызының айқындылығы зерттеудің нақтылығы мен шынайылығының бірден-бір көрінісі болып саналады. Көрсетілген мәселелер тілдік бірліктердің, оның ішінде мифологемалардың да мәдени немесе ұлттық, этно немесе мәдени-ұлттық және таза ұлттық компоненттерін белгілеу үшін қажет.

Тілдік бірліктердегі мәдени және тілдік құбылыстардың өзара әрекеттестігін айқындау мәселесіне қатысты ғалым В.Г. Гак міндетті түрде ұлттық пен мәдени ерекшеліктердің ажыратылуы маңызды деп санайды. Мәселен, ғалымның пікірінше, ұлттық ерекшеліктер тілдерді салғастыру барысында ғана айқындалып, екі бірдей фактордың негізінде анықталады: субъективтік және объективтік. Объективтік фактор бір ғана халықтың өмір сүру ерекшелігіне ғана тән және басқа халықтарға мүлдем келмейтін табиғи және мәдени реалийлерді белгілесе, ал субъективтік фактор түрлі тілдерде әрқалай берілген белгілі бір реалийлерді белгілейтін сөздер тобын анықтайды. Басқаша айтқанда, ұлттық ерекшелік мәдени себептерге байланысты да, тәуелді болмайтын да сипатта келетін барлық сәйкессіздіктерді қарастырады. Мәдени ерекшелік тілдік бірліктің сол бір белгілі қауымдастықтың рухани мәдениеті мен менталитеті, оның тарихи наным-сенімі, салт-дәстүрлері және табиғи өмір сүру жағдайы элементтерімен сәйкестігін танытады [1; 261].

Ұлттық және мәдени компоненттер өзара әрекеттестігінің күрделі сипаты, олардың бір-бірінен ажыратылмас байланысының дәлелі деп санаймыз. Алайда ұлттық және мәдени ерекшеліктердің аражігін ажырату ең маңызды мәселелердің де бірі болып саналады. Бірақ ғалымдардың көбі осы аталған екі ерекшелікті бір қатарда қолданады: «Мәдениет әрқашанда ұлттық болып келеді» [2; 85], «Бағалау терминдеріне қатыстының барлығы ұлттық мәдениетпен байланысты» [3; 214], «Ұлттық ерекшелік дегеніміз — эксплицитті немесе имплицитті түрде белгілі бір ұлттық-мәдени бірлестіктің тіл тұтынушыларына тән интралингвистикалық та (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, стилистикалық), сондай-ақ экстралингвистикалық та (әлеуметтік, тарихи, мәдени, психологиялық, этникалық) деректердің ерекше қасиеттерін белгілейтін тілдік бірліктер» [4; 24].

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: rauza82@mail.ru

Бұл мәселеге қатысты қазақ ғалымдарының пікірлері төмендегідей: «Мәдениетті танып-білудің құралы — тіл. Мәдениет жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым. Бұл мәдениет — әрбір этносқа тән белгілі бір табиғи-әлеуметтік ортаға сәйкес қалыптасатын құбылыс. Өмір-тіршілік салты да, ортақ тіл, ортақ дүниетаным, ортақ психология т.т. — осының бәрін біз этнос мәдениетінен таба аламыз. Ал соның бәрін танып-білудің ең басты құралы — тіл екендігін мәдениеттанушы ғалымдардың бәрі мойындайды» [5; 23]. «Тіл этностың бүкіл рухани, мәдени байлығының куәгері іспеттес. Осымен байланысты қазіргі тіл білімінде ұлттың рухани-мәдени қазынасы ретіндегі тілдің мұрагерлік қызметін зерттеудің ауқымы кеңейе түсуде. Оның себебі, әр тіл — өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе. Осындай мазмұнды құрылымына сәйкес ол — жай таңбалық жүйе емес, ұлт болмысын сипаттайтын мәдениет» [6; 16].

Осыған орай ұлттық ерекшеліктер этноспен тығыз байланысты, яғни белгілі бір этносқа ғана тән болып келеді. Сондықтан да белгілі бір этносқа тән ерекшелікті қисынды тұрғыдан ұлттық немесе этно-мәдени, ұлттық-мәдени немесе мәдени-тілдік деп атаған дұрыс. Сонымен қатар кез келген лингвомәдени зерттеу мәдени және тілдік ерекшеліктердің өзара әрекеттестіктерінде жүзеге асатын ұлттық сипаттағы құбылыстарды қарастырады. Дегенмен «этно/ұлттық-мәдени» және «мәдени-тілдік» ерекшелік терминдердің синонимдік қасиеттерімен бірге, кейбір жағдайларда олардың бір тұстарының басымдылық танытатын жағдаяттары да болады. Мәселен, «этно/ұлттық-мәдени ерекшелік» термині мәдени-тілдік ерекшелігі әрекетін белгілі бір этнос шеңберінде ғана шектеп көрсетеді.

Осымен байланысты лингвомәдени ерекшелік терминінің де қолданылу сипатын белгілеп алған жөн. Әрине бұл терминге де қатысты «этнос» ұғымын қолдануға болады, бірақ оған нақты сәйкес келетіні, ең алдымен этнографиялық зерттеулер болып табылады. Ал, лингвомәдени талдау, ең алдымен, лингвомәдени бірлестік немесе лингвомәдени қауымдастық шеңберінде жүргізіледі.

Жалпы мәдениет ұғымының өзі негізгі үш құрылымдық бөліктерден тұрады: өркениеттік, әлеуметтік-психологиялық және модустық. Ұлттық ерекшелік мәдениеттің төмендегідей компоненттерінде көрініс табады: *мәдениеттің «әлеуметтік-нормативтік» аясы* — салт-дәстүрлер, наным-сенім және т.б.; *тұрмыстық мәдениет* — кинетикалық кодпен байланысты күнделікті тұрмыс-тіршілік (белгілі бір социумда қабылданған қарым-қатынасым тілі нормалары), *ұлттық ойлау ерекшеліктері, этностың мәдени дәстүрлерін айқындайтын көркем мәдениет, табиғи байлықтар мен географиялық ортаны игеріп көрсету тәсілдері, әлеуметтік-саяси құрылыс ерекшеліктері, ақиқат болмыс игерілуінің техникалық және технологиялық деңгейі* т.б.

#### Әдісі

Лингвомәдени зерттеулердің басты мақсаты мәдени-тілдік ерекшеліктерді айқындау болып табылады. Бұл бағыттағы зерттеулерде негізінен белгілі **екі әдіс** қолданылады. Біріншісі салыстырмалы әдіс болса, екіншісі интроспективтік деп аталады. Салыстырмалы әдіс арқылы бір тіл мен мәдениет басқа тілдер мен мәдениеттермен салыстырылып, оның жалпы және ерекше белгілері анықталатыны барша ғалымдарға мәлім. Ал интроспективтік талдау тек бір тілдің ғана ұлттық-мәдени ерекшеліктерін ғана анықтауға бағытталады. Біздің зерттеуіміз **интроспективтік талдауға** негізделеді.

Лингвомәдени бағытындағы зерттеулер үшін мәдени-тілдік ерекшеліктер және мәдени-тілдік әмбебап қасиеттер ұғымдарының да нақты ажыратылуы қажет, себебі, бұл ұғымдар да тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттестігінен туындайтын тілдік категориялар қатарына жатқызылады. Алайда мәдени-тілдік ерекшеліктер мен мәдени-тілдік әмбебап категорияларды бір-біріне қарама-қарсы келетін ұғымдар деп қабылдаған қате. Мәселен, ғалым Б. Расселдің пікірінше, біздің әлем және заттар туралы біліміміз: «білімнің екі түрінен тұрады, бірі заттардың нақтылығын айқындаса, екіншісі олардың әмбебаптығын дәлелдейді» [7; 74].

Мәдени-тілдік әмбебап қасиеттердің болуы, әрине, бірінші кезекте, адамның ойлау қабілетінің әмбебаптылығымен, адамзат мәдениеті мен өркениеттің жалпы даму ұқсастығымен, болмыс пен танымның әмбебап заңдары мен категорияларымен түсіндіріледі. Ал, мәдени-тілдік ерекшеліктер қоршаған орта деректерін тілдік кодтау үдерісінің нәтижелері, сондай-ақ белгілі бір тілдік ұжымының болмыстық және танымдық модельдерінің ерекше белгілері, сол лингвомәдени

қауымдастықтың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері ретінде айқындалады. Мысалы, тілдік бірліктердегі жағымды және жағымсыз коннотациялардың айқын бір көрінісі жақсылық пен жамандық категориясындағы жақсылық ұғымын алатын болсақ, онда әмбебаптық та, сонымен бірге ұлттық ерекшелік те орын алады. Өйткені жақсылық этиканың категориясы ретінде мәдени әмбебап сипатқа ие ұғым болып табылады. Сондықтан да ол жақсылық жалпы адамзаттық тұрғысынан әмбебаптық категория болып саналады.

Тарихи тұрғыдан алғанда миф — адам мәдениетінің алғашқы формасы, оның ақиқат болмысты бейнелі түрде көрсетіп түсіндіруі. Біртұтас жүйе ретінде танылатын мифте ғаламның практикалық және танымдық игерілуі, барлық моральды және көркемдік болып табылатын дүниелер көрініс тапқан. Осымен байланысты ғалым М.В. Пименова: «Адамның ішкі және сыртқы өмірі, рухани және материалдық құндылықтары, адамдар арасындағы қарым-қатынастар және өзіне деген көзқарастар — осы құбылыстардың барлығы дерлік тілде көрініс тауып, жалпы қоғам бейнесі мен белгілі бір тіл иесінің, яғни жеке тұлғаның бейнесін көрсетеді. Жалпы адамға өлшеу, салғастыру және түрлі категорияларға ассоциациялар жүргізу қасиеті тән болып келеді. Әрине, адамның бұл қасиеті өз білімінің деңгейіне және көзқарасының қаншалықты кең екеніне сәйкес келеді. Ал бұл пайымдау қазіргі ғылыми білімнің антропологиялық парадигмасына негізделеді, оның басты қағидаты адам әлемді ондағы өз практикалық және теориялық қызметі арқылы танып біледі дегенді білдіреді», — деп көрсетеді [8; 9].

Осыған орай, қазіргі антропологиялық парадигма негіздеріне сүйене отырып, адамзат тарихының қай кезеңі болмасын, ғаламның қандай да бейнесі болмасын адам факторы басты және орталықты орынға ие болған деген тұжырым жасаймыз. Өйткені ежелгі адамдар миф арқылы бейнелі түрде табиғат туралы ғасырлар бойы қалыптасқан білімдері мен түсініктерін, онымен адамның, қоғамдық өмірдің өзара қарым-қатынасын беріп отырған. Мифтің көптеген түрлері бар: космогониялық, этнологиялық, антропологиялық — әлемнің пайда болып реттелуі мен адамның дүниеге келуін түсіндірсе, күнтізбелік мифтер — өмірдің табиғи-шаруашылық циклдерін айқындайды, эсхатологиялық мифтер — өлім мен о дүниелік өмір жайында хабардар етеді, сонымен қатар, культтік-биографиялық та мифтер бар, олар көне кейіпкерлердің өмірлік сынақтарын баяндайды.

#### *Нәтиже мен оның талқылануы*

Белгілі бір этнотілдік ұжымның материалдық және рухани мәдениетінің уникалды заттарын белгілейтін реалий-сөздердің этномәдени ерекшелігі таңбаның барлық аспектілерін камтиды (денотаттық, сигнификаттық және коннотаттық аспектілер). Себебі, олар белгілейтін реалийлер уникалды, терең ұлттық, басқа мәдениеттерге тән келмейтін ұғымдар мен заттарды білдіреді. Белгілі бір этносқа ғана тән материалдық мәдениет заттарын, тарихи деректерін, мемлекеттік институт, ұлттық және фольклорлық кейіпкерлер, мифологиялық атауларды, біздің зерттеуіміз үшін мифологемаларды айқындайтын этнореалий-сөздер этно ерекше ақпаратқа толы айрықша лексикалық бірліктер болып саналады. Егер де этнореалий-сөздердің денотаттық және сигнификаттық аспектідегі ұлттық-мәдени маркерленуі дау тудырмайтын болса, өйткені олар тілден тыс ұлттық ақиқатпен тікелей байланысты лексикалық бірліктер арқылы материалдық және рухани мәдениеттің жалғыз дара деректерін белгілейді, ал этнореалий-сөздердің коннотаттық мағынасының этно ерекше маркерленуі айқын көрініс таба бермейді. Себебі ол сөз құрылымында формальды түрде белгілене бермейді.

Сонымен, әрбір ұлттық тілдің лексикасы тарихи қалыптасқан этнотілдік ұжым мүшелерінің көп ғасырлық қарым-қатынас жасау тәжірибесін, дүниетанымын айқындайтын ерекше жүйе болып табылады. Алайда мәдениеттердің тілге ықпал ету формалары мен сипаты әртүрлі болып келеді. Сондықтан да бір қарағанда денотаттары барлық тілдерде де бірдей, бірақ ерекше коннотаттық мағыналарды айқындайтын мифологемалардың лингвомәдени табиғатын зерттеу, ұлттық-мәдени және мәдени-тілдік компоненттерін анықтау қазіргі лингвистиканың аса маңызды аспектілерінің бірі болып саналады.

Осыған орай, қазақ фольклорындағы ең көне ертегілердің бірі болып саналатын «Ер Төстік» ертегісінде Төстіктің көмекшісі, қиын-қыстауда арқа сүйер қорғаушысы, серігі, аты **Шалқұйрық** басты кейіпкерлердің бірі ретінде көрінеді. Аталған шығармалардың тілін саралау барысында түркі халықтары, соның ішінде қазақ халқының өмір сүру салтында ерекше мәнге ие ат, яғни жылқы

ұғымына қатысты бірнеше атаулар кездеседі. Олар: *жабы, қазанат, бедуин, Кавказ арғымағы* т.б. Мысалы «Ер Төстік» ертегісінде:

*Жабы емес қазанат,  
Ер серігі қолғанат.*

*Шалқұйрықты мін, Төстік!* [9; 145] — деген өлең жолдары бар.

К. Қайыржан *жабы* сөзін көнерген сөздердің қатарына жатқыза отырып, оның бірнеше мағынасын ұсынады. Біріншісі — қазақ жылқысының байырғы тұқымы, екіншісі — ат көрпе, үшіншісі — жуас мағынасында десе, төртіншісі — сындық мағынада *мұңды* деп оған *жабы көңіл* деген мысал кетіреді [10; 138].

Ал қазақ әдеби тілінің сөздігінде *жабы* қазақ жылқысының нашар, қарабайыр тұқымы деген түсініктеме беріледі [11; 498].

«Жабы — дәстүрлі мал шаруашылығында көптеп өсірілетін, тез ет алғыш, етті әрі сүтті қазақы жылқы тұқымы. Жабының дене тұрқы тығыршықтай, аласалау, жал-құйрығы қалың, мойны мен аяқтары дене тұрқымен салыстырғанда, қысқа болып келеді... Жабы жүйрік ұшқыр болмағанымен, жүрісті, мініске ыңғайлы және алыс жолға өте шыдамды келеді. Ол өте күшті болғандықтан, ауыр жұмысқа да төзімді. Жабының негізгі кемшілігі — бойының аласалығы мен дене бітімінің қораштау көрінуі» [12; 135].

Берілген анықтамалардың негізінде сыртқы келбетіне қарап, берілген атаудың қазақ, сонымен қатар түркі халықтарының дәстүрлі мәдениетінде ерекше құрметке ие жылқы малына қатысты түсініктің қаншалықты деңгейде құнды екендігін аңғаруымызға болады. Мифологиялық шығармалар тілінде кездесетін мына сөйлем жолдары айтар ойымызды дәлелдей түспек. Мысалы: «*Қорқыт ата*» өзінің ел-жұртына тағзы мынадай өсиет айтқан: «*Жол қиындығын көрмеген, жабы мінген жігітке Кавказ арғымағын мінгізуден келер пайда жоқ...*».

Сонымен қатар өн бойындағы оқиға желісінде мифтік сарын басым «Бақыт құсы» ертегісінде мынадай өлең жолдары кездеседі:

*Ей, мұңаймасым!  
Ешнәрсені білмейсің.  
Ержігітте мін болмас,  
Тұлпар атта сын болмас.  
Қазанат мініп қас батыр*

*Өмірінде жау алмас, – дейді.* Ертегіде кездесетін *қазанат* сөзі «дене бітімі ірі (кеудесі кең, шоқтығы биік), ұзақ жолға шыдамды, мықты ат» [10; 742] мағынасын білдірген. Осы *қазанат* сөзінің «Ер Төстік» ертегісінде:

*Айыл-тұрман әбзелін  
Ертеден бастап сайладым.  
Төстік, саған арнадым,  
Жабы емес қазанат,  
Ер серігі қолғанат*

*Шалқұйрықты мін, Төстік!* [9, 146] – деген де қолданысы бар.

Сол сияқты «Қорқыт ата» шығармасында бедуин аты деген сөз тіркестері бірнеше жерде кездеседі. Мысалы: *Қаз мойынды бедуин жылқыларды жау алса, ол — сенікі. Солардың ішінде менің де алты құлаш арғымағым бар, оны қырық қарақшыға бермеймін.*

Бедуин — арабтың *بَدَوِي* «бадави», яғни шөлді, сахараны мекендеуші деген мағына береді. Бедуиндер жайлы алғаш «Бедуины — кочевые и полукочевые арабы... Бедуины отличаются от оседлого арабского населения особенностями материальной и духовной культуры, а также некоторыми архаическими чертами общественной организаций» [13; 378], — деген анықтама берілген. Тарихтан белгілі бәдәуилер түркі халықтары сияқты көшпелі өмір сүрген. Алдыңғы Азия мен Солтүстік Африка жерлерінде өмір сүрген. Негізгі кәсібі мал шаруашылығы болған бәдәуилердің отырықшылықпен айналысқаны белгілі. Олардың түркі халықтарының киіз үйіне ұқсас көшіп-қонуға ыңғайлы үйлері болған. Бірақ түркілерден айырмашылығы төрт бұрышты болған.

Мифологиялық шығармалардағы бедуин аттары қазіргі араб аттарының көне атауы. Олай дейтініміз дене тұрқы жағынан көп айырмашылық жоқ бедуин аты бойы тапал, етті болған.

Сол сияқты «Қорқыт ата» шығармасында Кавказ арғымағы деген жылқы малының бір түрі де қолданыс тапқан. Мысалы: *Жол қиындығын көрмеген, жабы мінген жігітке Кавказ арғымағын мінгізуден келер пайда жоқ.*

Кавказ арғымағы — Кавказ тауларын мекендеген халықтардың төрт түлік малының бірі, жылқы малы. Өмірін мал шаруашылығымен байланыстырған Кавказ халықтарындағы этномәнге ие жануар. Олай дейтініміз, контекстегі ой айтып тұрғандай, халық қорғаны, ел тірегі ер-азаматтардың қоғамдары орнына қарай астына мінер атының да соған лайық болуы түркі халықтарының арасында мәнге ие болған. Бұл үрдіс бертін келе қазақ халқының арасында да үлкен мәнге ие бола отырып, сабақтастық тапқан. Мұның астарында жылқы малын биіктіктің, жаратушы мекен еткен көктің символы ретінде таныған мифтік таным жатқанын аңғарамыз.

Мифологиялық шығармалардағы аталған лексикалық бірліктің функционалды-семантикалық ерекшелігін айқындай келе, қазақ санасындағы дәстүрлі мәдениеттің көрінісі ат ұғымына қатысты атаулардың ұғымдық көрінісін анықтадық:

**Жалпош ат** — Алматы облысының кей аудандарында «жалтоз» түрінде «жауыр аттың үстіне салатын ер», «желқом ер» үлгісінде қолданылады. Яғни жауыр ат.

*О, жасаған, жалпош атқа мініп, жауға аттанғандар келді, бедуин арғымағына мініп кеткен менің жалғыз ұлым неге келмейді?.*

**Жабы** — Қазақ жылқысының нашар, қарабайыр тұқымы деген түсініктеме беріледі.

Мысалы: *«Қорқыт ата» өзінің ел-жұртына тағы мынадай өсиет айтқан: «Жол қиындығын көрмеген, жабы мінген жігітке Кавказ арғымағын мінгізуден келер пайда жоқ...»*

**Қазанат** — Дене бітімі ірі (кеудесі кең, шоқтығы биік), ұзақ жолға шыдамды, мықты ат. Мысалы:

*Қазанат мініп қас батыр*

*Өмірінде жау алмас*

**Бедуин аты** — Ертеде шөлді, сахараны мекендеген көшпелі халықтардың жылқысы.

Мысалы: *Өзінің жүйрік бедуин атын алдырып, оған Қазан бектің інісі Қара Кене мінді.*

**Тұлпар** — Бітімі бөлек, жүйрік жылқы.

Мысалы: *Қандай жүйрік тұлпармен қуса да жеткізбейді, құс екенін, жын екенін білмейді, жоқ болып қарасын үзеді де кетеді.*

**Кавказ арғымағы** — Кавказ тауларын мекендеген халықтардың жүйрік жылқысы.

Мысалы: *Жол қиындығын көрмеген, жабы мінген жігітке Кавказ арғымағын мінгізуден келер пайда жоқ.*

**Арғымақ** — қазақ жылқысының сұлу, асыл тұқымы. Қазақ жерінің табиғатына үйлескен арғымақ төзімділігі, алысқа шабуы, күй талғамайтындығы жағынан түркімен жылқысынан асып түскен.

Мысалы: *Екі арғымақ босанысымен сілкініп, екі дәу болып, көз алдарында ұшып жүре беріпті.*

**Шалқұйрық** — Халық дәстүрлі мәдениетіндегі жылқы малына деген аса құрметтің, наным-сенімнің, мифтік танымның негізінде пайда болған мифозооним.

Мысалы: *Қарақшының түбіне келген соң, Шалқұйрыққа тіл бітеді. «Егер атты өте алысқа айдаса, менің шабысым да өте жылдам болады. Үш күн шапсам бүйірім қызып, өзімді тоқтатуға шамам келмей, кетіп қалуым мүмкін. Мен келе жатқанда алдымнан арқан керіп қой. Арқан үш қабат болсын, бір қабаты кендірден болсын. Үш қабат арқанның үшеуі де үзілсе, мен саған жоқпын, ағынымды тоқтата алмай кеткенім, үшеуі де үзілмесе, мен жығылып өлемін, онда да саған жоқпын. Егер арқан жартылай үзілсе, мен тоқтаймын, жығылып қалсам да, жаным қайтадан кіреді, күдер үзбе», — дейді [9].*

Ұлттық мәдениетте жылқы малының құндылыққа айналуы оның ұлт тұрмыс-тіршілігінде негізгі көмекші құрал бола отырып, әлемді шарлап, қоршаған ортаның шегі жоқ, шексіз екендігін адам баласына сезіндіруінде. Жылқы малының қазақ санасында мифологиялық ұғымға ие екендігін дәлелдеуге тырысқан Б. Тілеубердиев докторлық диссертациясында Г. Гачевтің мына бір құнды пікірін келтіреді: «Жануарлар иерархиясында жылқы бірінші орынды алады. Жылқы — ғарыштың жоғарғы бөлігі. Жылқы алдыға және жоғарыға қарайды, адам онымен бірге. Ат үстіндегі адам — аспан, жоғарғы әлем мүшесі жерден және оның тартылысынан босатылған» деген пікірін басшылыққа ала отырып, біз мифтік танымды білдіреді деп көрсетіп отырған Шалқұйрық жайлы мынадай пікір білдіреді: «Қазақ ертегілері мен батырлық жырларында кездесетін Тайбурыл, Ақмоншақ, Сандалкөк, Бақа айғыр, Тарлан, Керкұла, Шалқұйрық т.б. тұлпар аттары ұлттанымдық, елттанымдық мәнге ие. Осы аталған зоонимдердің этномәдени коннотациясы зор, білім аясына енетін когнитивті ақпараттары мол» [14; 125].

Зерттеуші-ғалым Б. Тілеубердиев атап көрсеткендей, Шалқұйрықтың ұлттанымдық, елтанымдық мәнге ие болуының өзі мифологиялық шығармадағы аталған жылқы атауы алғаш мифтік дүниетанымның негізінде мифтік мәнге ие болу арқылы ұлттың танымын танытып отырғандығы даусыз. Ойымызды дәлелдей түсу үшін «Ер Төстік» ертегісінен тағы бір мысал келтірсек: *Сол кезде Шалқұйрыққа тіл бітеді: — Біз енді жер астына түстік, бізге бұдан былай жер астының елі жолығады. Біраз жүрген соң, жылан Бапы ханның ордасына келеміз. Жылан Бапыханның ордасына келгенімізде, мені алысқа қойып, өзің ордаға кіресің. Ордаға кіргеніңде есіңде болсын, үйге кіргеніңде екі босагадан екі қара шұбар жылан ысылдап тұра келеді, олардан сескенуші болма, жылан Бапы ханның есігін күзеткен құралдары. Төр алдына бара бергеніңде, екі сұр жылан ысылдап келеді де, екеуі де екі жеңіңнен кіреді, қойныңнан шығады, қойныңа кіреді, қонышыңнан шығады. Бұлар жылан Бапы ханның ұлы мен қызы болады. Төрге отыра бергеніңде, дәу екі сары жылан ысылдап тұра келеді, одан да сескенбе. Бұлар — жылан Бапы ханның өзі мен әйелі. Егерде бұлардан сескенсең, сені Ер Төстік демейді, жерасты еліне қадіріміз болмайды, жерүстіне жол тауып шыға алмай қаламыз, — дейді [9,146].*

Шалқұйрық атауының мифтік танымды білдіретін сөз екендігі жайлы С. Қондыбайдың мифологиялық сөздігінде (Казахская мифология. Краткий словарь): «Восьминогий конь имеет солярную природу, это означает, что Ер Тостик из коня Шалқұйрык — это солнце на восьминогом (восьмилучевом) коне, путешествующее в потустороннем мире», — деген анықтама береді [15; 243].

#### Қорытынды

Жанына медет, көңіліне демеу іздеген Төстіктің қасындағы жалғыз серігі Шалқұйрықты сөйлетудің негізінде ержігіттің басына түскен қиыншылықты жеңу жолындағы санаға сыйымсыз іс-әрекеттері арқылы адами құндылық достық ұғымын дәріптеу болып тұрғанын аңғару қиын емес. Адами құндылықтарды жоғары санайтын халық санасындағы мифтік таным жинақтала келе Шалқұйрық образын тудырып отыр деуге негіз бар [16; 111].

Мифтік таным түсініктің негізінде Кентавр образы да қазіргі көркем әдебиетте көрініс табады. Асқар Алтайдың, Оралхан Бөкейдің шығармаларындағы жартылай адам, жартылай жылқы Кентавр осы жылқы малымен тотемдік байланыс бар екендігін көрсетеді.

Жылқы малының фольклорлық және мифтік көрінісі Кентавр қазақ ақын-жаузыларымен қатар әлемдік көркем шығармаларда да көрініс тапқан. Мысалы, А. Алтайдың «Кентавры», О. Бөкейдің «Киік адамы», А. Кимнің «Кентаврлар ауылы» атты шығармалары мифтің жасампаздығын, ұлттық таным-түсінікте өзіндік орны бар екендігін дәлелдей түсетіндігін айтқымыз келеді.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Гак В.Г. Национально-языковая специфика меронимических фразеологизмов / В.Г. Гак // Фразеология в контексте культуры. — М.: Школа «Языки русской культуры», 1999. — С. 260–268.
- 2 Бердяев Н.А. Судьба России. Самосознание / Н.А. Бердяев. — Ростов н/Д.: Феникс, 1997. — 544 с.
- 3 Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты / В.Н. Телия. — М.: Школа «Языки русской культуры», 1998. — 288 с.
- 4 Фирсова В.Н. Испанский речевой этикет / В.Н. Фирсова. — М.: ИНФРА-М, 2001. — 183 с.
- 5 Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім / Ж.А. Дәдебаев. — Алматы: Ғылым, 1991. — 208 б.
- 6 Манкеева Ж.А. Ұлт тұғыры — тілде / Ж.А. Манкеева // Этнос және тіл. Академик Ә.Т. Қайдардың 85 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. — Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2009. — Б. 15–19.
- 7 Рассел Б. Проблемы философии / Б. Рассел. — Новосибирск: Наука, 2001. — 111 с.
- 8 Пименова М.В. Концепты внутреннего мира: Русско-английские соответствия: дис. ... д-ра филол. наук: 10.02.01 — «Русский язык» / М.В. Пименова. — СПб., 2001. — 497 с.
- 9 Ертегілер. — Алматы: Жазушы, 1988. — Т. 1. — 288 б.
- 10 Қайыржан К. Сөз — сандық: қазақтың көне сөздері / К. Қайыржан. — Алматы: Өнер, 2013. — 480 б.
- 11 Қазақ әдеби тілінің сөздігі [Он бес томдық] / Құраст.: Б. Әбілқасымов, С. Бизаков, Ә. Жүнісбеков және т.б. — Алматы, 2011. — 5-том. — 752 б.
- 12 Қазақ әдеби тілінің сөздігі [Он бес томдық] / Құраст. Т. Жанұзақ, С. Омарбеков, Ә. Жүнісбек және т.б. — Алматы, 2011. — 1-том. — 752 б.
- 13 Большая советская энциклопедия. — Т. 4. — М., 1950. — 640 с.

14 Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвоконцептуалдық негіздері: филол. ғыл. д-ры ... дис. / Б.М. Тілеубердиев. — Алматы, 2006. — 243 б.

15 Кондыбай С. Казахская мифология: краткий словарь / С. Кондыбай. — Алматы: Нурлы Алем, 2005. — 272 с.

16 Ускенбаева Р.М. Қазақ тіліндегі мифологемалардың этномәдени-танымдық аспектісі: монография / Р.М. Ускенбаева. — Нұр-Сұлтан, 2019. — 146 б.

Р.М. Ускенбаева, Э.Т. Жанысбекова

## Образ лошади в казахской мифологии

В национальном познании казахского народа лошадь занимает особое место. Образ лошади отчетливо прослеживается как в древних археологических памятниках, так и в древних письменах. В статье проанализированы языковые единицы, используемые в древних мифологических произведениях, относящиеся к данному образу. Значимость образа коня подтверждается многообразием названий в фольклорных произведениях, а также тем, что каждое наименование является отражением национальной культуры. Дан анализ наименования лошадей, начиная от фольклорных произведений и заканчивая современной художественной литературой. Когнитивные аспекты мифологем, относящиеся к наименованию лошади, проанализированы и отображены с языковой точки зрения. То есть влияние мифического мышления, мифического познания на формирование названий лошадей, расширявших познавательное поле, начиная с *Қазанат* и завершая *Шалқұйрық*. Показаны универсальность, созидательная грань мифа.

*Ключевые слова:* лошадь, мифологема, миф, национальные познания, национальные ценности, духовная культура, образ мироздания, мифологическое произведение.

R.M. Uskenbaeva, E.T. Zhanyzbekova

## The image of a horse in Kazakh mythology

The horse occupies a special place in the national knowledge of the Kazakh people. The image of a horse can be clearly traced both in ancient archaeological sites and in ancient writings. The article analyzes the linguistic units used in ancient mythological works related to this image. The significance of this image is also confirmed by the variety of names in folklore works, as well as by the fact that each name is a reflection of the national culture. An analysis of the names of horses is also given, starting from folklore and modern fiction. The cognitive aspects of the mythologemes related to the name of the horse are analyzed and displayed from a linguistic point of view. That is, the influence of mythical thinking, mythical cognition on the formation of the names of horses, which expanded the cognitive field, starting with *kazanat* and ending with *shalkuiryk*. Versatility, the creative facet of the myth was shown.

*Keywords:* horse, mythologeme, myth, national knowledge, national values, spiritual culture, image of the universe, mythological work.

## References

- 1 Gak, V.G. (2013). Natsionalno-yazykovaia spetsifika meronimicheskikh frazeologizmov [National and linguistic specificity of meronymic phraseological units]. *Frazeologiya v kontekste kultury — Phraseology in the context of culture*. Moscow: Shkola «Yazyki russkoi kultury», 260–268 [in Russian].
- 2 Berdyayev, N.A. (1997). *Sudba Rossii. Samosoznanie [The fate of Russia. Self-awareness]*. Rostov-na-Donu: Feniks [in Russian].
- 3 Telia, V.N. (1998). *Russkaia frazeologiya. Semanticheskii, pragmaticheskii i lingvokulturologicheskii aspekty [Russian phraseology. Semantic, pragmatic and linguocultural aspects]*. Moscow: Shkola «Yazyki russkoi kultury» [in Russian].
- 4 Firsova, V.N. (2001). *Ispanskii rechevoi etiket [Spanish speech etiquette]*. Moscow [in Russian].
- 5 Dadebayev, Zh. (1991). *Omır shyndygy zhane kurkemdik sheshim [Reality of life and artistic solution]*. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 6 Mankeeva, Zh.A. (2009). Ult tygyry — tilde [Nation tree — in language]. *Ethnos zhane til — Language and Ethnicity Akademik A.T. Qaidardyn 85 zhilydygyna arnalgan Khalyqaralyq gylimi-teoriialyq konferentsiia materialdary — Materials of the International Scientific and Theoretical Conference dedicated to the 85th anniversary of Academician A.T. Kaidar* (pp. 15–19). Almaty [in Kazakh].
- 7 Russell, B. (2001). *Problemy filosofii [Problems of Philosophy]*. Novosibirsk: Nauka [in Russian].

- 8 Pimenova, M.V. (2001). Kontsepty vnutrennego mira: Russko-angliiskie sootvetstviia [Concepts of the inner world: Russian-English correspondence]. *Doctor's thesis*. Saint Petersburg [in Russian].
- 9 (1988). *Ertegiler [Fairy tales]* Almaty: Zhazushy baspasy.
- 10 Kairzhan, K. (2013). *Soz — sandyq: qazaqhtyn kone sozderi [The word is a chest: in the ancient words of a Kazakh]*. Almaty: Oner [in Kazakh].
- 11 Abylkassymov, B., Bizakov, S., & Zhunusbekov, A. (Comp.). (2011). *Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]*. (Vols. 1-5). Vol. 5. Almaty [in Kazakh].
- 12 Zhanuzak, T., Omarbekov S., & Zhunusbek, A. (Comp.). (2011). *Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]*. (Vols. 1-5). Vol. 1. Almaty [in Kazakh].
- 13 (1950). *Bolshaia sovetskaia entsiklopediia [The Great Soviet Encyclopedia]*. Moscow [in Russian].
- 14 Tleuberdiev, B.M. (2006). Qazaq onomastikasynyn lingvokontseptualdyq negizderi [Linguo-conceptual bases of Kazakh onomastics]. *Doktor's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 15 Kondybay, S. (2005). *Kazahskaia mifologiia: kratkii slovar [Kazakh mythology: a short dictionary]*. Almaty: Nurly Alem [in Russian].
- 16 Uskenbaeva, R.M. (2019). *Qazaq tilindegi mifologemalardyn etnomadeni-tanyndyq aspektisi [Ethnocultural and cognitive aspects of mythologem's in the Kazakh language]*. Almaty [in Kazakh].

Букеетов Университеті